ДӘРІС 5. Алтын Орда тарихындағы алғашқы саяси дағдарыс. (1 сағат).

Мақсаты:
Алтын Орда мемлекетіндегі алғашқы саяси дағдарыстың себептерін, оның кезеңдерін және мемлекеттің саяси жүйесіне тигізген салдарын анықтау.

Міндеттері:
Алтын Орданың саяси жүйесін сипаттау және билік мұрагерлігі институтын түсіндіру;
XIII–XIV ғасырлар тоғысындағы билік үшін күрестің себептері мен барысын талдау;
Дағдарыстың әлеуметтік, экономикалық және мәдени салдарын айқындау;
Дағдарыстан кейінгі мемлекеттің тұрақтану кезеңін сипаттау.

1266 жылы Берке қайтыс болғаннан кейін хан атанған Меңгу Темір билігі кезінде Алтын орда өзінің Моңғол империясынан тәуелсіздігін заңды түрде алды. Жошы ұлысын заңдастыруға бағытталған істердің бірі Меңгу Темір атымен теңге шығару болып табылады. Алтын Орданың мемлекеттік тәуелсіздігін алуы тек теңге шығарудан ғана емес, сонымен бірге ханның басқа да іс-шараларында көрініс тапты. 1267 жылы хандардан алғаш болып Меңгу Темір орыс діншілдері метрополитін Алтын Орда хандарымен қатынаста көптеген бағынушылықтан босататын жарлық береді. 1266 жылы Қырымда (Каффада) генэуз көпестері де одан жарлық алған секілді.

Қара теңізде Генуэз және Венециан көпестерімен, Балтық теңізінде неміс көпестерімен байланыстың орнатылуы Шығыс пен Батыс арасындағы сауда қатынастарын дамытуға үлес қосты. Талас өзені бойында өткен 1269 жылғы құрылтайда Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстары арасында бейбітшілік орнатылып, әр ұлыстың шекаралары белгіленді. Олардың арасында ирандық хулагидтерге қарсы одақ құрылды. Сонымен бірге бұл құрылтай Жошы, Үгедей және Шағатай ұлыстарының ары қарай дамуында маңызды болды. Бұл шешім бойынша олар тәуелсіз мемлекеттер ретінде танылды. Олардың тәуелсіздігі құрылтайдың жалпы келісім-шешімімен заңдастырылып, Жошы, Шағатай және үгедей үйлері Төле ұрпақтарының қолсұғушылығынан босатылды.


Ұлыстардың таралуы
Шағатай ұлысы
Үгедей ұлысы
Шыңғыс хан
Жошы ұлысы
Алтын Орда
Төле ұлысы

1269 жылғы құрылтай шешемімен Алтын Орданың сыртқы саяси жетістігін күшейтіп, Менгі Темір үкіметі Жошы ұлысында хандық билікті күшейтуге бағытталған шаралар жасады. Алтын орда хандары жаулап алынған жерлерде өз биліктерін орнатып жатса да, кейбір жерлерде олардың билігі номинальды ғана болып есептелді. Мәселен, Кавказды моңғолдардың жаулап алғандарына 30 жыл уақыт өтсе де, көпсанды тапалар астар және черкестер (кабардиндер) моңғолдарға бағынудан бас тартқан еді. Рубруктың хабарлауынша «Кавказ тауларында өмір сүрген аландар моңғолдар малын ұрлау үшін таулардан шығып тұрды». Астар және черкестер бағынбағандығы үшін 1277жылы Менгі Темір оларға қарсы жорыққа аттанады. 1277 жылы қыста ханның әскерлері орыс княздары әскерелерімен бірге аландарға қарсы жорық жасады. 1277 жылы 8 ақпан «пойдоша ко яському городу ко славному Дедякову и взявши его ... и многу корысть и полон взявша, а противных избиша бесчисленно, град же огнем подогша». Теректің батыс жағалауындағы өртенген Дедяково қаласының орнына Мәңгі Темір Теректің шығыс жағалауында жаңа қала салды және бұл қала Маджар және Дербентпен бірге «Алан қақпасында» моңғолдардың билігін күшейтіп, Кавказдағы арқа сүйер пунктіне айналды.


ЗОЛОТАЯ ОРДА В XIII В.
НОРВЕГИЯ
Осло
ШВЕЦИЯ
Упсала
ВАРЯЖСКОЕ МОРЕ
КОРЕЛА
ЗЕМЛЯ
НОВГОРОДСКАЯ
ПЕЧОРА
САМОЯДЫ
ЮГРА
СИБИРЬ
Енисей
Обь
Мариенбург
ТЕВТОНСКИЙ ОРДЕН
ЛИТВА
ПОЛЬША
Псков
Новгород
Ростов
Полоцк
Суздаль
Владимир
Минск
Москва
Смоленск
Сандомир
Краков
Владимир
Козельск
Ниж. Новгород
Рязань
ЧЕРЕМИСЫ
Вятка
Кама
Волга
Булгар
МОРДВА
БАШКИРЫ
Тобол
Ишим
Иртыш
ЧЕХИЯ
Львов
Чернигов
Киев
Галич
Переяславль
1241г.
1237г.
1236г.
1239г.
1242г.
ВЕНГРИЯ
Днестр
Днепр
Дон
Яик
ПОЛОВЦЫ
ЗОЛОТАЯ ОРДА
ТЮРКСКИЕ И МОНГОЛЬСКИЕ ПЛЕМЕНА
Дунай
София
БОЛГАРИЯ
Тана
Хаджи-Тархан
Сарай Бату
АК-ОРДА
РУССКОЕ МОРЕ
Константинополь
Никея
ОСМАНСКАЯ ИМПЕРИЯ
ГРУЗИЯ
ХВАЛИССКОЕ МОРЕ
ТУРКМЕНЫ
ХОРЕЗМ
Ургенч
Амударья
Сырдарья
оз. Балхаш
ЧАГАТАЙСКИЙ УЛУС
Общая граница русских княжеств
Западная граница монгольского ига
Походы хана Батыя (Бату)
Территория Золотой Орды в XIII в.

Мәңгі Темір қайтыс болған соң (Сафаргалиев бойынша 1282 ж., Егоров бойынша 1280 ж.) Жошы үйінің ханзадалары арасында феодалдық соғыс басталып, бұл моңғол державасының орталықтанған монархияға дамуын тежеді. Феодалдық соғыстың басталу мерзімі Мәңгі Темірдің қайтыс болуы болып табылады. Марко Полоның хабарлауынша Мәңгі Темір қайтыс болған соң Мәңгі Темірдің ағасының ұлы жас ханзада Тула Бүкке тақ өтуі керек еді, бірақ ол билік етпеді. Ноғайдың айтуы бойынша таққа Мәңгі Темірдің інісі Туда Мәңгі иеленді. Мұнымен ханнаң таққа мұрагерлік жөніндегі мұрасы бұзылды. Дәл осы жағдай Жошы ұлысындағы шиеленістің бір себебі болды. Еріксіз хан Туда Мәңгі мемлекеттік басқаруда ешқандай рөл атқармады. Ал мемлекеттегі барлық істі басқарып отырған қолбасшы Ноғайдың рөлі арта түсті. Бату және Беркенің тұсында-ақ ол мемлекетте маңыздылығы бойынша екінші орындағы беклербек лауазымына ие еді. Әзербайжан жерінде хулагидтерге қарсы жорыққа Ноғай бас әскери қолбасшы ретінде қатысып, сонда бір көзінен айырылған еді. Осыдан аз уақыт соң ол қазіргі Молдавия жеріндегі прут-Днестр қосөзені аралығында орналасқан өзінің жеке ұлысына кетеді. Бұл қу айлакер саясаткер өз аумағын кеңейтіп, халықаралық байланысын жақсартты. Осы мақсатта ол Византия императоры Михаил Палеологтың қызы Ефросьиняға үйленеді. Христиан билеушісімен туыстық қатынас орнатқан соң ол Египет сұлтанына исламды қабылдағаны туралы жолдау жібереді. Сонымен бір уақытта ол Шыңғыс хан өсиетін сақтауды және мрңғолдың ежелгі дәстүрлерін сақтауды оған Бату өсиет еттіміс деген сөздер таратты.

Ноғайдың мемлекет ішіндегі барлық саясаты Алтын Ордадан өз ұлысын бөліп шығуға және тәуелсіз хандық құруға бағытталған еді. Оған ұнамаған хандар - Туда Мәңгі және Туля Бұка тақтан бірінен кейін бірі құлатылып, 1290 жылы сарай тағына Тоқта көтерілді. Алғашында өзінің билікке келуінде Ноғайға қарыздар ретінде оның барлық кеңестерін тыңдап, оны барынша қолдаған еді. Ноғай бұл уақытта өз билігін күшейткені сонша кейбір орыс княздықтарын өзі билей бастады. Нәтижесінде орыс жылнамаларында оны «патша», яғни Алтын Ордан ханы деген лауазыммен атай бастады. Бірақ жас хан өзінің билігендегі ақауларды байқай бастады. 1287 жылығы Венгрия және Польшаға жорығының барысында-ақ олардың арасында күрделі қарама-қайшылықтар пайда болып, Ноғай өзі қойған ханды алуды ұйғарды. Араб және поляк хроникаларында, сондай –ақ орыс жылнамалары бойынша бұл жорық сәтті аяқталды.

Алайда кері жолда Ноғай ханды алдап, өзінің дунайлық иеліктеріне кетті. Ноғай қалдырып кеткен соң Туля бұқа жиырма күндік тауларда жүрген соң бейтаныс жолдарда жүріп отырып, орыс жылнамаларындағы мәліметтер бойынша 100000ға дейін адамдары холера және аштықтан қырылды. Хан бұл жағдайды оның әскерін және әулетін құрту үшін жасады деп Ноғайдан күдіктенді. Оған және әскеріне төнген бұл қауіптен кейін онда өштік және ыза пайда болды. Ноғай мен хан арасындағы дұшпандық ашық күреске айналды. Қателікке ұрынған хан анасы ұлын Ноғаймен кездесуге көндірді. Белгіленген жерге келген Туля Бука Ноғай әскері тарапынан қоршалып, Тоқтай ханзадаға берілді. Тоқтай ханзадаға Туля Бұқа ханды беріп жатқанда Ноғай былай деді: «міне осы сенің және әкеңнің хандығына иеленді, ал мына әкеңнің балалары сені ұстап өлтіруге онымен келісті. Оларды сенің қолыңа беремін, қалай өлтіргің келсе де өзің біл». Олардың бастарын жауып, арқаларын сындырды. Бұлар туля Бұқа және Мәңгі Темірдің ұлдары—Адгуй, Тағружда, Малаган, Кадан және Куту-так еді. Осылайша, 1291 жылы туля Бұқа хандықтан алынып, Тоқтай ханзадамен ауыстырылды. Тоқтайға «Ноғай хандықты берді».

Тоқтай және Ноғайдың қарым-қатынастары алғашында достық тұрғы да болса, тоқтай өзіне хандықты толық қаратып «Жошы тағында жалғыз өзі билік ете бастағанда», Ноғай мен Тоқтай арасындағы қарым-қатынас күрделене түсті.

Ханмен бірдей дәрежеге ие болған Ноғай қызметін орыс шығыстанушысы н.И. Веселовский жан-жақты зерттеген. Жошы Бувалдың жетінші ұлынан туған Ноғай әкелері ешқашан хандық билікке ие болмаған Жошы ұрпақтары қатарында еді. Хулагулермен соғыс басталған шақта, Берке Ноғайды алтынордалық әскерді басқартып Хулагуге қарсы аттандырады. Ноғай хулагуды құлатады, сол кезден бастап оның Беркенің алдындағы маңызы және жағдайы өседі. Жошы әулетінен тараған Ноғай әулетте үлкен құқығымен пайдалана алды, құрылтай шақырып, кеңес бере алды, бірақ Батудың тікелей ұрпағы болмағандықтан оның хан тағына отыру құқығы болмады. Ноғайдың саясаты ханзадаларды құртуға бағытталды, ол хандықтың Батый ұрпақтарынан жошылық жаңа ұрпақтарға ауысуын және Алтын Орда хандарының жаңа әулетін құруды мақсат етті. Сондықтан Ноғаймен қарама-қайшылықта Бату ұрпақтары Тоқтай ханды қолдап, дұшпандарына қарсы бірікті. Ақсүйектер арасынан қолау таппаған Ноғай Жошы әулетінің дұшпаны Хулагулерге «хулагулық Ғазанның қол астына өту ниетін білдіріп» барды. Көптеген моңғолдардың Тоқтай тарапына өтуіне байланысты Ноғай тек қыпшақтар мен аландарға арқа сүйеді. Тоқтай 60 мыңдық әскер жинап, Днепр және Тарка (Днестр) өзендерінен өтіп Қоқанлықта өзінің күшті қарсыласын талқандады. Ноғай бұл уақытта кәрі шал еді. Оны Тоқтайдың орыс әскері өлтірді. Ноғайдың ұлдары оған адал балған 1000 ға жуық әскерлерімен бірге қашап үлгерді, алайда әйелдері мен балалары тұтқынға алынды. Олар әр түрлі жерлерге сатылып, өзге елдерге тарап кетті.

"KÖL TİGİN" ASSOCIATION

MONGOL EMPIRE
(XII-XIV CENTURY)

Жошы ұлысы

Үгедай ұлысы

Шағатай ұлысы

Елхандар ұлысы

Юань патшалығы



Ноғайды жеңу хандықтың толық жеңісін білдірмеді. Тоқтай кеткен соң Ноғайдың ұлдары әкесінің ұлыстарына оралып, «оның иеліктеріне орнықты», алайда олар өзара келісе алмады, ақыр соңында Ноғайдың адамдары Тоқтай ханның билігін мойындап, мувала ұрпақтарының бұрыңғы иеліктері Бату ұрпақтары иеліктеріне қосылды. Осылайша, Алтын Орда бұл кезде мемлекеттің бөлінуіне алып келетіндей бірінші саяси дағдарысты кешті. Оның орнығуына бір адым Ноғайдың хан деп жариялатын заңдастыру қалғанды. Тоқты билік ету кезінде Ноғай үлкен аумақта, яғни Днестр, Дунай, Днепр және Қырым жартыаралында суверенді билікке ие еді. Бұл облыстардағы барлық алым-салықтар Ноғайға беріліп, ол жерлерді өзінің адамдарына ұлыс ретінде бөліп беретін. Тек Тоқтының бірінші сәтсіздіктен қайтпай нақты шешімді әрекеті арқасында мемлекетті бөлінуден сақтап қалды. Созылмалы 20 жылдық дағдарыстан кейін Алтын Орда көптеген аумағынан айырылғанымен бір мемлекет ретінде шықты. Алтын Орда Ноғайдың дунайдың сол жағалауына дейінгі жерлерін қайтара алмады, жошылықтар иеліктерінің батыс шекарасы Прут өзеніне ауыты. Жеңістен кейін Тоқты Алтын Орда бірлігін сақтап ғана қоймай, сонымен бірге орталық биліктің шынайы күшін және беделін қайта қалпына келтірді. Орталық биліктің күшеюі және өзара қырқыстың күшеюі елдің экономикалық жағдайыны да әсер етті, бөлек аумақтар арсында сауда байланыстары қайта қалпына келіп, сыртқы сауда күшеюіне жағдай жаратты. Барлық жағдай Алтын орда өз тарихының жаңа кезеңіне көшкенін көрсетті.



1. Алтын Орда билік жүйесінің ерекшелігі

Алтын Орда мемлекетінде билік Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтарына тиесілі болды. Хан сайлау дәстүрлі түрде Шыңғыс ұрпақтары арасындағы құрылтайда жүзеге асырылды. Алайда XIII ғасырдың соңына қарай билік үшін күрес күшейіп, хандық биліктің тұрақтылығына қауіп төнді.
Бұл кезеңде Жошы ұлысының аймақтық билеушілері мен нояндар дербестеніп, орталық билікке бағынбайтын жағдайлар жиілей түсті.

2. Тоқта мен Ноғай арасындағы билік күресі

Алғашқы ірі саяси дағдарыстардың бірі XIII ғасырдың соңында Тоқта хан (1290–1312) мен әмір Ноғай арасындағы қақтығыспен байланысты болды.
Ноғай — Батый хан ұрпағы емес, бірақ Алтын Орда әскерінің беделді қолбасшысы әрі аймақтық билеушісі болды. Ол Батыс аймақтарда (Қырым мен Дунай маңында) дербес саясат жүргізіп, кей кездері шетелдік билеушілермен тікелей байланыс орнатқан.

1299 жылы Тоқта хан мен Ноғайдың арасындағы билік қақтығысы ашық соғысқа ұласты. Нәтижесінде Ноғай жеңіліске ұшырап, өлтірілді. Бұл оқиға Алтын Ордадағы орталық биліктің уақытша болса да күшеюіне себеп болды.

3. Саяси дағдарыстың себептері

Алғашқы саяси дағдарыстың басты себептері:

Билік үшін әулеттік талас – Шыңғыс ұрпақтары арасындағы мұрагерлік даулар;

Аймақтық билік иелерінің күшеюі – нояндар мен әмірлердің тәуелсіздікке ұмтылысы;

Экономикалық және сауда қатынастарындағы тепе-теңсіздік – шығыс пен батыс аймақтарының арасындағы қайшылықтар;

Дін мен идеологияның өзгеруі – исламның таралуы мен дәстүрлі билік арасындағы қатынас.

Бұл дағдарыс Алтын Орда қоғамының саяси жүйесін өзгертті. Хан билігі мен ақсүйектер кеңесінің (беклербектер, әмірлер, би-нояндар) арасындағы қатынастар қайта қаралды.

4. Дағдарыстың салдары мен нәтижелері

Дағдарыс елдің ішкі бірлігін әлсіреткенімен, кейінгі кезеңде жаңа реформаларға жол ашты. Тоқта хан мен оның ізбасары Өзбек хан тұсында орталық билік қайта нығайды.

Өзбек хан исламды мемлекеттік дін ретінде орнықтырып, Алтын Орданың идеологиялық және саяси тұтастығын қалпына келтірді.

Алайда бұл кезеңдегі тұрақтану уақытша сипатта болды, себебі аймақтық сепаратизм мен экономикалық қиындықтар XIV ғасырдың ортасында жаңа дағдарыстардың туындауына негіз қалады.

5. Дағдарыстың өркениеттік және тарихи маңызы

Алтын Ордадағы алғашқы саяси дағдарыс тек билік тартысы емес, мемлекеттіліктің жаңа моделін қалыптастыру кезеңі болды.

Дағдарыстан кейін Алтын Орда ислам өркениетінің толыққанды бөлігіне айналып, мемлекеттік идеология діни және саяси бірлікке сүйенді.

Осы дәуірде мемлекетті басқарудың әкімшілік жүйесі жетілдіріліп, салық және дипломатиялық қатынастар ретке келтірілді.

Бекіту сұрақтары

1. Алтын Ордадағы алғашқы саяси дағдарыстың басты себептері қандай болды?
2. Тоқта мен Ноғай арасындағы қақтығыстың мәні неде еді?
3. Дағдарыстың мемлекеттің саяси жүйесіне тигізген ықпалын сипаттаңыз.
4. Өзбек ханның билігі тұсында қандай тұрақтану үрдістері байқалды?
5. Бұл дағдарыстың тарихи маңызы неде?

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Алтын орда және Қазақ хандығы / Б.Б. Кәрібаев, М.С. Ноғайбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 180 б
2. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. *Золотая Орда и ее падение.* – М.–Л., 1937.
3. Сафаргалиев М.Г. *Распад Золотой Орды.* – М., 1960.
4. Егоров В.Л. *Историческая география Золотой Орды.* – М., 1985.
5. Қазақстан тарихы. – Т.2. – Алматы, 2010.
6. Трепавлов В.В. *Степные империи Евразии.* – М., 2018.
7. Favereau M. *The Horde: How the Mongols Changed the World.* – Harvard, 2021.